

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ

1. Көп нүктенің орнына ё әрпі жазылатын сөз қайсы?  
 А) а..ростат В) ..кран С) по..ма  
 Д) дириж..р
2. «Зейнеп, Маржан, Мәреп» Б.Майлиннің қай пьесасының кейіпкерлері?  
 А) «Ауыл мектебі» В) «Шаншар молда»  
 С) «Жасырын жиылыс»  
 Д) «Келін мен шешей»
3. Қай сөйлемде көмекші етістік кездеспегенін анықтаңыз.  
 А) Кетіп бара жатқан Тарлан атына мінген Тарғын.  
 В) Түсте қапырық шатырдың іші ысып кетті.  
 С) Жұман бай ертерек тұрып кетіп еді.  
 Д) Алыста жалғыз кісі мен оның аты көрінеді.
4. Берілген сөздер ішінен матаса байланысқан сөздерді табыңыз?  
 А) мен сөйлеймін, сен сөйлейсің  
 В) менің кітабым, сенің кітабың  
 С) жиырма бес бала, ағаш қасық  
 Д) сыныпта жүріп жатты, арқанмен түсемін
5. «... базары жақын байымас, мазары жақын көбеймес» – деп, Асан қайғының қай өңірге берген бағасы?  
 А) Шідерті В) Семейтау  
 С) Шымкент пен Сайрам Д) Аламты
6. *Сілесі қату* тұрақты тіркесінің синонимдік сыңарын табыңыз.  
 А) кірпік қақпау В) өң алдырмау  
 С) қауқары кету Д) күн көру
7. Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдерінің арасына, негізінде қандай тыныс белгі қойылады?  
 А) үтір В) тырнақша С) нүкте  
 Д) сызықша
8. *Түлейде түнде жортар жан едіңдер,  
 Дию мен піл келсе де саптарымен  
 Қорықпасғ тәжін киген таққа мінген,  
 Жар болып Изэд жеңер әмір ұлы!*  
 Үзіндіде Фердаусидің «Шаһнама» туындысындағы қайсы әдеби қаһраманның сөзі?  
 А) Пиран В) Афрасияб С) Бахрам  
 Д) Рүстем
9. Берілген сөйлемдердің баяндауышы тұрақты сөз тіркесінен болған сөйлемді анықтаңыз.  
 А) Шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты.  
 В) Қазір балалардың бәрі де мұғалім болғысы келеді.  
 С) Биыл жасым елу бесте.  
 Д) Бүгін мен кітапханаға бардым.
10. Қай қатарда туынды зат есімдер берілген?  
 А) жылқы, адам В) аудан, көше  
 С) білім, аялдама Д) ән, сабыр
11. Төменде берілген сөздер ішінен дұрыс жазылған дауыссыз дыбыстарды көрсет?  
 А) штап, педагог В) педагог, округ  
 С) округ, архиб Д) клуб, вогзал
12. Жіктік жалғауын жалғап, бастауышпен қиыса байланысатын сөйлем мүшесін қалай атаймыз?  
 А) толықтауыш В) анықтауыш  
 С) баяндауыш Д) пысықтауыш
13. Орфоэпия заңдылығына сай берілген сөзді тап.  
 А) өнеркәсіп В) жұлдүз С) құлын  
 Д) басшы
14. Нақ осы шақтың жасалуына тиісті болмаған мәліметті табыңыз.  
 А) -ып, -іп, -п көсемше түрі мен қалып етістіктері тіркесінен  
 В) күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер жіктелмей жұмсалады  
 С) қалып етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады  
 Д) -а, -е, -й көсемше түрі мен қалып етістіктері тіркесінен
15. *Қара аспанды су алған,  
 Қара әсерді күл алған.  
 Ол тұарда ел қорқып,  
 Туған соң әбден қуанған.*  
 Үзінді кімнің өмірге келуі жайлы?  
 А) Білге Қаған В) Асан қайғы  
 С) Күлтегін Д) Қорқыт ата

16. *«Ертеңіне Ахмет көрші ауылдан Жақан молданы шақыртып, неміс баласының тілін кәлимаға келтіріпті деген сөз тарады».*  
Үзінді ұхтар Мағауиннің, қайсы шығармасынан алынған?
- A) «Шақан шер»  
B) «Бір атаның балалары»  
C) «Көк мұнар»,  
D) «Ақша қар»
17. *Өтер қанша жылдар тозаңы,  
Жұлдыздар – көз жасы заманы  
Өтер адам жақсы-жаманы  
Мейір қалар, махаббат қалар.*  
Берілген үзінді қайсы қаламгердің қаламына тиісті екенін тап.
- A) Мұхаммед Юсуф    B) Сайд Ахмад  
C) Абдулла арипов    D) Ғафур Ғұлам
18. Берілген қатардан Мұқтар Әуезовтың соғыс тақырыбына арналған пьесасын анықтаңыз.
- A) «Қаракөз»    B) «Тас түлек»  
C) «Түнгі сарын»    D) «Сын сағатта»
19. *Отырардың болашағын көргендей.  
Отырарды жану жайқын дария,  
Ойы безбен бар еді бір қария.  
Бір күні сол қария.  
Сол қария бір күні екі шәкіртті  
Құрметпенен өз үйіне шақыртты.*  
Берілген үзінді қайсы қаламгердің қаламына тиісті екенін тап.
- A) Қадыр Мырзалиев  
B) Мұқағали Мақатаев  
C) Мекембай Омарұлы  
D) Мұхтар Шаханов
20. *От орнындай тұяқтым,  
Омыртқай бар отаудай...  
Шықшымыңа болайын,  
Оралып атқан түбектей...  
Үзіндіде қандай көркемдік тәсіл қолданылған?*
- A) метафора    B) әсірелеу    C) эпитет  
D) теңеу
21. Шәкәрімнің қай шығармасында қулықтың түбі қазамен аяқталып, әділет жеңеп шығады?
- A) «Қасқыр, түлкі, бөдене»  
B) «Мұтылғанның өмірі»  
C) «Епті тышқан»  
D) «Қалқаман-Мамыр»
22. *Ағайын жүрты жылады,  
Халайық қайран қалады.  
Тозып кеткен жүртының  
Бәрін жиып алады.*  
Үзінді қайсы батырлар жырынан алынған?
- A) «Қамбар батыр»  
B) «Қобыланды батыр»  
C) «Ер Тарғын батыр»  
D) «Алпамыс батыр»
23. – *Менің атым – әйел, мына қыздың анасымын. Бәрін де анадан тудыңдар! Анамен алыспайды, атыспайды да. Нең бар еді менің жсалғызымда! Кел ботам, өзіме!*  
Бұл үзінді Ғ.Мүсіреповтың қай шығармасынан алынған?
- A) «Ашынған ана»    B) «Ананың анасы»  
C) «Ананның арашасы»    D) «Ер ана»
24. Ғылым, пән, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер не деп аталады?
- A) көнерген сөздер    B) кірме сөздер  
C) термин сөздер    D) жаңа сөздер
25. Махамбеттің мұң мен өкінішке толы өлеңі қайсы?
- A) «Мұнар күн»  
B) «Ереуіл атқа ер салмай»  
C) «Қызғыш құс»  
D) «Исатай деген ағам бар»
26. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғада зат есім болса, араларына қандай тыныс белгі қойылады?
- A) нүкте (.)    B) сызықша (-)  
C) нүктелі үтір (;)    D) үтір(,)
27. Берілген сөздер ішінен үстеу арқылы жасалған антоним сөздерді тап.
- A) жоғары-төмен, ілгері-кейін  
B) өтірік-шын, бай-кедей  
C) пайда-зиян, тарлық-кендік  
D) аштық-тоқтық, жастық-кәрілік

28. «Мені алғаш білімге көзімді ашқан осы кісі»,  
– деп Міржақып Дулатов кімді айтып тұр?

- A) Ыбырай Алтынсарин
- B) Абай Құнанбаев
- C) Мұқаш Тоқтабайұлы
- D) Нұрғали молда

29. Қай жазушының романында Ферғана каналының қолмен қырық бес күнде қазып аяқталуы суреттелген?

- A) Айбек «Балалық»
- B) Айбек «Киелі қан»
- C) Абдулла Қадыри «Өткен күндер»
- D) Сайд Ахмад «Көкжиек»

30. Берілген қатардан қосымша дұрыс жалғанған сөзді табыңыз

- A) көшсін, ашса    B) ұшшын, жазшын
- C) көшшін, ішшін    D) шашшын, ашша